

## **И.Білтабанов атындағы ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 6 шешімінің күшін жою туралы**

Ақтөбе облысы Қобда ауданы И.Білтабанов атындағы ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 8 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 27 бабына сәйкес және Қобда аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 407 ұсынысы негізінде И.Білтабанов атындағы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. И.Білтабанов атындағы ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 6 "И.Білтабанов атындағы ауылдық округі аумағында орналасқан "Мақпал" шаруа қожалығында карантин белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4087 санымен тіркелген, 2015 жылғы 10 қаңтардағы "Қобда" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

*Ауылдық округінің әкімі*

*А.Тасмағамбетов*